



оқу бағдарламасының титул парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.4/17

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Тарих кафедрасы

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан тарихы пәні бойынша
5В020300 Тарих мамандығы студенттеріне арналған

Павлодар



Жұмыс оқу
бағдарламасының бекіту
парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.4/17

БЕКІТЕМІН
ОІ жөніндегі проректор
п.ғ.д., проф. Н.Э.Пфейфер

20__ж. «__»_____

Құрастырушы: _____аға оқытушы А.А.Қасқабасова

Тарих кафедрасы

Қазақстан тарихы пәні бойынша
5В020300 Тарих мамандығы студенттеріне арналған

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 негізінде
әзірленді

Кафедра отырысында ұсынылған «__» _____ 20__ж.
Хаттама №__
Кафедра меңгерушісі _____ С.Н.Мамытова

Тарих және құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде құпталған
«__»_____ 20__ж. Хаттама №__

ОӘК төрайымы _____ Ш.Қ.Сулейменова

КЕЛІСІЛГЕН

Факультет деканы _____ А.А.Акишев «__» _____ 200__ж.

ОӘБ ҚҰПТАЛҒАН

ОӘБ бастығы _____ Е.Н.Жуманкулова «__» _____ 200__ж.

Университеттің оқу әдістемелік кеңесімен мақұлданған
«__»_____ 20__ж. Хаттама №__

1 Оқу пәнінің паспорты

Пәннің атауы: Қазақстан тарихы

Міндетті компонент пәні

Кредиттер саны және оқу мерзімдері

Барлығы – 3 кредит

Курс: 1

Семестр: 1

Аудиторлық сабақтардың барлығы – 45 сағат

Дәріс сабақтары - 30 сағат

Тәжірибелік/семинар сабақтар – 15 сағат

СӨЖ – 90 сағат

соның ішінде СӨЖМ – 45 сағат

Жалпы еңбек сиымдылығы – 135 сағат

Бақылау формасы:

Емтихан – 1 семестр

2 Пәні, мақсаты, міндеттері

Оқу пәні

Қазақстан тарихының пәні Қазақстан Республикасында мемлекет пен қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтары болып табылады. Қазақстан тарихы барысында адамзат қоғамының, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың пайда болуы, дамуы, мемлекеттік құрылыстар мен мемлекетінің өрлеуі мен құлдырауы процесстері, басқа көршілес мемлекеттер және халықтары мен ара байланыс, ұлт-азаттық көтерілістер, қазақ даласының әлемдік өркениетке қосқан үлесі зерттеледі. Қазақстан тарихы тарихи құбылыстар мен фактілерде, экономикалық саясатта көрініс табатын тарихи заңдылықтардың анықталған нақты формаларын зерттейді.

Пәннің мақсаты

Қазақстан тарихы бойынша ғылыми білімді қалыптастыру. Нақты тарихи материалдың негізіндегі курстың тарихы қазіргі Қазақстан республикасының территориясында адамзат қоғамының орнығу үрдісін, тарихи оқиғаларды объективті түрде, барлық қайшылықтарды, көрші елдер халықтарының тарихымен байланысы мен қарым - қатынасын ескере отырып, оның дамуын ашып көрсету керек. Ежелгі Қазақстан тарихының жалпы тарихи үрдістегі маңызын және ролін көрсету Студенттерді қазақ қоғамының ең ерте кезеңімен, адамның және адам қоғамының негізгі кезеңдерінің даму ерекшеліктерімен таныстырып отырып, оның өзіндік сипатын танытып, студенттерге тағылым беру көзделеді.

Пәннің міндеттері

-Қазақстан территориясындағы ежелгі дәуірден XIII ғасырдың басына дейінгі тарихи процестің негізгі кезеңдері және ерекшеліктері туралы толық түсініктер беру. Осыған байланысты төмендегідей міндеттер қойылады:

-Қазақстанның қазіргі тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, хронологиялық тұрғыдан студенттерді мол фактологиялық материалдармен таныстыру;

-Қазақстандағы ежелгі дәуірдегі және ортағасырлардағы тарихи-этномәдени процестердің негізгі кезеңдерін және өзіндік сипатын айқындау;

-«көшпенділік өркениет» феноменінің мазмұнын ашу;

-Түркі мемлекеттерінің қалыптасуының ерекшеліктерін ашу;

-Қазақ халқының этногенезінде маңызды рөл атқарған қыпшақ және оғыздардың этникалық және саяси тарихын көрсету;

-Ұлы Жібек Жолының ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі қосқан үлесін көрсету;

-Монғол шапқыншылығы қарсаңындағы Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуы туралы түсінік беру.

3 Білімдер, икемдер, дағдылар және құзыретіне қойылатын талаптар Қөрініс алу керек:

Қазақстан тарихының ежелгі заманнан бастап қазіргі күнге дейінгі Қазақстан территориясындағы тарихи үдерістің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері жөнінде

Білуі керек:

Әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде адамзат қоғамының дамуы тарихын, отандық тарихтың дамуы қарқынын (қозғаушы күштерін, механизмдерін, тенденцияларын, тарихи дамудың заңдылықтарын), тарихтың жалпы барысын, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениеттерін, Ежелгі Қазақстан тарихының жалпы тарихи процесстегі маңызын және роліннің теориялық аспектілерін кешенді түрде білуі керек

Істей білуі керек:

Қазақстан тарихында себеп-салдар байланысын орнату, салыстырмалы талдау негізінде тарихи құбылыстар мен оқиғаларды саналы түрде иегруі керек, тарихи білімдерді шығармашылық тұрғыдан тәжірибеде орындай білуі керек, тарихи эволюция заңдарын түсіндіру, тарихилық принцип негізінде, тарихи өткенімізді талдай білу, жазбаша жұмыстарды (конспект, аннотация, реферат, баяндама, эссе) жаза білу және оларды дұрыс рәсімдей білуге дағдылану, өзінің қорытындыларын салиқалы негіздей білу

Дағдыларға ие болуы керек:

Тарихи құбылыстарды талдау, семинарларға дайындалу барысында қолда бар ғылыми әдебиетке өз бетінше сын көзбен талдау жасай білу; тарихи деректерді жіктеп, талдай білу; картаны жақсы бағдарлауға дағдылану және оны ауызша жауап беруден пайдалана білу

Құзыретті болуы керек:

Тарихи құбылыстардың болжамдарын жасай білуі керек. Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениеттеріне төзімді болуы тарихи білімнің теоретикалық, қолданбалы және бағалылық аспектілерін көрсете білу, оларды күнделікті, сондай-ақ, кәсіби өмірде практикалық шешімдерді негіздеуде қолдана білу

4 Пәнді игерудің тақырыптық жоспары

Сабақтардың түрлері бойынша академиялық сағаттарды реттеу

п/ п №	Тақырыптардың атауы	Сабақтардың түрлері бойынша аудиториялық сағаттар саны		ОӨЖ	
		Дәріс	Тәжірибе (семинар)	Барлығы	Соның ішінде ОӨЖМ
1	Кіріспе	2	1	10	5
2	Қазақстанның көне және ежелгі тарихы. Қазақстан тарихының тарихқа дейінгі кезеңі.	4	1	10	5
3	Қазақстан жеріндегі қола дәуірі.	4	2	10	5
4	Сақ-сармат дәуіріндегі Қазақстан.	4	2	10	5
5	Ғұн, үйсін, қаңлы ерте мемлекеттік құрылымдары.	4	2	10	5
6	Еуразияның этно - саяси тарихындағы түркілік кезеңі.	4	2	10	5
7	Қазақстан территориясындағы ҮІ-ІХ ғғ. мемлекеттер.	4	2	15	7
8	Қазақстан территориясындағы ІХ-ХІІ ғғ. мемлекеттер.	4	2	15	8
	Барлығы:135 (3 кредит)	30	15	90	45

5 Ұсынылатын әдебиет тізімі

Негізгі:

1 Неталиев, М. Кіші жүз шежіресі: тарихи-этнографиялық зерттеу.- Алматы: Арыс.-2007.-290 с

2 Шәлекенов, У. Х. 5-8 ғасырлардағы Баласағұн қаласы.- Алматы: Жібек жолы.-2007.-247 с.

3 Жолдасбеков, М., Сартқожаұлы, К. Орхон ескерткіштерінің толық атласы.- Астана: Kul Tegin.-2007.-359 с.

Қосымша:

4 Тасмағамбетов И. Н. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері.- Алматы: Дайк-Пресс. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері.2005.-78 с

5 Қайдар, Ә. Қаңлы: тарихи шежіре.- Алматы: Дайк-Пресс.-2004.-610 с.

6 Артықбаев, Ж., Ерманов, А., Жәнісов, Ә. Орта Ертіс өңірі қимақ дәуірінде "Темір жауынгер" тарихының құпиясы.- Астана: Фолиант. -2004.-38 с.

7 Өмірбекова, М.Ш. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті.- Алматы: Зият Пресс. -2004.-112 с.

8 Әбусейітова М. Қ. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері.- Алматы: Дайк-Пресс.2006.-436 с.

9 Әбусейітова М. Қ. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері.- Алматы: Дайк-Пресс.-2006.-291 с.

10 Байпақов, К. Қазақстанның ежелгі қалалары.- Алматы: Аруна Ltd,2005.-316 с